



ТАҒАЙЫНДАУ

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫНА ЖАҢА ӘКІМ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



7 тамыз күні Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының басшысы Руслан Әлішев «Аманат» партиясы аудандық филиалының отырыс залында өткен аудандық мәслихаттың кезектен тыс 17-ші сессиясына қатысып, аудан әкімі Қайрат Омаровтың басқа жұмысқа ауысуына байланысты бұл орынға Рахат Смағұловтың кандидатурасын ұсынды. Ұсыныс депутаттар тарапынан бірауыздан қолдау тауып, жаңа әкім тағайындалды.

Содан кейін Руслан Қанатханұлы аудандық әкімдіктің отырыс залында аудан активімен кездесіп, мағжандықтарға жаңа әкім Рахат Смағұловты таныстырды.

Қайрат Омаров бес жылдан артық ауданда абыройлы еңбек етіп, ауданның алдығы қатардан көрнуіне жан-жақты атсалысты. Ауданда көптеген білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау ғимараттары жөнделіп, жолдар мен инфрақұрылымдар қалпына келтірілді. Ауылшаруашылығы

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, аудандық мәслихат Депутаттарының келісімімен және облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетовтың өкімімен, Рахат Назымбекұлы Смағұлов Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі болып тағайындалды.

саласында да оң өзгерістер бір төбе: жыл сайын жаңа техника сатып алынып, мал басы өсіп, жаңа сүт-тауарлы фермалар салынууда. Шағын және орта бизнес дамып, жаңа жұмыс орындары ашылууда. Жалпы аудан жан-жақты дамуда. Сондықтан Рахат Назымбекұлы қазіргі маңызды көрсеткіштерді бақылауда ұстап, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың әл-ауқатын арттыруға оңан сайын барын салады деген ойдамын. Өйткені Мемлекет басшысының, облыс әкімінің аудан әкімдеріне қойып отырған міндеті де осы. Екі әкімге де сәттілік пен қызметтеріне табыс тілеймін, - деді облыс әкімінің аппараты басшысы.

Жиында Қайрат Омаров қолдау

көрсеткендері үшін аудан тұрғындарына ризашылығын жеткізді. Қасиетті Мағжан елі мен жеріне қимастық сезімін білдірді. Ал Рахат Смағұлов артылған сенім мен жауапкершіліктің үдесінен шығуға үде берді. Бар білімі мен білігін, тәжірибесін аудан игілігіне жұмсайтынын айтты. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов пен «Куломзино» ШҚ басшысы Николай Сафонов сөз сөйлеп, жаңа қызметтерге тағайындалған екі азаматқа алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Жаңа әкімнің өмірбаянына тоқталар болсақ, Рахат Назымбекұлы 1982 жылы 1 шілдеде Ресей Федерациясының Омбы облысындағы Есіккөл ауданына қарасты

Қасқат ауылында туған. Омбы мемлекеттік аграрлық университетін агрономия мамандығы бойынша және Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетін экономика мамандығы бойынша тамамдаған.

Еңбек жолын 2004 жылы Қасқат ауылдық әкімшілігінде маман болып бастаған. 2005-2015 жылдар аралығында жергілікті атқарушы органдарда, ауыл шаруашылығы саласында әр түрлі қызмет атқарды. 2015-2019 жылдары Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің орынбасары болды. 2019-2020 жылдары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясының басшысы болып еңбек етті. Осы тағайындауға дейін Шал ақын ауданының әкімі қызметін атқарды.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

2024 жылғы 4 тамызда Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән, Бастомар ауылдық округтері және Булаев қаласы әкімінің сайлауы өтті.

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 113-10-бабына сәйкес сайлау учаскесінің хаттамалары негізінде Алтын дән ауылдық округі әкімін сайлау қорытындылары бойынша сайлау комиссиялары сайлау қорытындыларын белгіледі:

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізімінде 1082 азамат бар, оның 797-і дауыс берді, жарамсыз деп танылған бюллетеньдер саны – 12, «Барлығына қарсы» деген белгісімен – 19. Дауыс беру құқығына арналған есептен шығару куәліктері бойынша дауыс бергендер – 23.

Әр кандидат үшін берілген дауыстар саны:

1. Зиберт Ю. А. – 76;
2. Умовист Е. А. – 62;
3. Форш В. Я. – 628.

Алтын дән ауылдық округінің

әкімі болып Форш Валерий Яковлевич сайланды, 1966 ж.т., өкім, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Советское ауылында тұрады, «АМАНАТ» партиясы» ҚБ ұсынған.

Сайлау қорытындылары туралы учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде Бастомар ауылдық округінің әкімін сайлау қорытындыларын белгіледі.

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізімінде 675 азамат бар, оның 527-сі дауыс берді, жарамсыз деп танылған бюллетеньдер саны – 6, «Барлығына қарсы» деген белгісімен – 19. Дауыс беру құқығына арналған есептен шығару куәліктері бойынша дауыс берген жоқ. Дауыс беруге арналған ұйғайдае тыс жерде дауыс бергендер – 25.

Әр кандидат үшін берілген дауыстар саны:

1. Қайыржанов М. Қ. – 302;
2. Конаев Р. М. – 59;
3. Смағұлов Б. Б. – 141.

Бастомар ауылдық округінің әкімі болып Қайыржанов Марат Қанатұлы сайланды, 1985 жылы туған, өкім, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округі әкімінің аппа-

раты» КММ, Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылында тұрады «АМАНАТ» партиясы» ҚБ ұсынған.

Сайлау қорытындылары туралы учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде Булаев қаласы әкімін сайлау қорытындыларын белгіледі.

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізімінде 6542 азамат бар, оның 2906-сы дауыс берді, жарамсыз бюллетеньдер саны – 61, «Барлығына қарсы» деген белгісімен – 167. Дауыс беру құқығына арналған есептен шығару куәліктері бойынша дауыс берген жоқ. Дауыс беруге арналған ұйғайдае тыс жерде дауыс бергендер – 131.

Әр кандидат үшін берілген дауыстар саны:

1. Бірімжанов А. Т. – 2 284;
2. Түтүннова А. К. – 394

Булаев қаласының әкімі болып Бірімжанов Азамат Тоқшұлы сайланды, 1987 жылы туған, «Сапро-НАТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өндірістік учаскесінің басшысы, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласында тұрады, «Қазақстан Халық партиясы» ҚБ ұсынған.

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының Булаев қаласы және ауылдық округтерінің сайланған әкімдерін тіркеу туралы Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

Мағжан Жұмабаева аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 45-бабының 113-11-бабына сәйкес 2024 жылғы 6 тамыздағы шешімімен 2024 жылғы 4 тамызда сайланған әкімдерді тіркеді:

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округінің әкімі – Форш Валерий Яковлевич, 1966 жылы туған, сайланғанға дейін Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округінің әкімі болып жұмыс істеген, Мағжан Жұмабаев ауданы Советское ауылында тұрады.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев

ауданы Бастомар ауылдық округінің әкімі – Марат Қанатұлы Қайыржанов, 1985 жылы туған, сайланғанға дейін Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округінің әкімі болып жұмыс істеген, Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласында тұрады.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласының әкімі – Бірімжанов Азамат Тоқшұлы, 1987 жылы туған, сайланғанға дейін «Сапро-НАТ» ЖШС өндірістік учаскесінің басшысы болып жұмыс істеген, Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласында тұрады.

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы.

11 ТАМЫЗ - ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР КҮНІ

ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

Әр мамандықтың қегенде алатын өзіндік сұны, мәртебесі бар. Сондай мәртебелі мамандықтардың бірі - құрылысшы мамандығы. Қазақстан Республикасының Президенті тамыз айының екінші жексенбісін «Қазақстан құрылысшылары күні» деп жариялаған бастауын.



ТАМЫЗДЫҢ ЕКІНШІ ЖЕКСЕНБІСІ - ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР КҮНІ

Кез келген елдің экономикалық күшеюуі мен әлеуметтік тұрақтылығы құрылыс саласының дамуына тікелей байланысты. Мемлекет басшысының қолдауымен Тәуелсіздік жылдары елімізде құрылыс саласын дамытуға барынша жағдай жасалды. Отаңдық құрылыс индустриясы қанат жайып, құрылыс материалдарын шығаратын ондиріс орындары көбейді.

Мағжан Жұмабаев ауданы да жыл сайын көркейіп, биік үйлер, жеке тұрғын үйлер мен жеке кәсіптік ғимараттар жыл өткен сайын бой түзеп келеді. Бүгінде елімізде, соның ішінде облыс пен аудандарда құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Соны жылдары аудан орталығында екі қабатты тұрғын үйлер салынып, ал биыл үш қабатты тұрғын үй пайдалануға берілмек. Сондай-ақ тәуелсіздік жылдары білім беру, мәдениет, спорт сияқты әлеуметтік маңызы бар салаларда жаңа нысандар пайда болды. Бұның бәрі аямай тер төккен құрылыс білекті құрылысшылардың еңбегінің нәтижесі деп білеміз. Ауылдың шырайын келтіріп, пайдалануға берілген барлық нысандарда, бәрі-бәріне құрылысшылардың өзіндік қолтаңбасы жатыр. Алтын қолды құрылысшылардың қажырлы еңбегінің арқасында ауданымыз одан әрі ажарланып, көркейтініне сенім мол.

Осы ретте, ауданда құрылыс саласы-

на жауапты мемлекеттік орган - Мағжан Жұмабаев ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі екенін атап өткім келеді. Оның негізгі міндеті - аудан аумағында құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласында мемлекеттік саясатты жүргізу; ауданның жоспарлау жобаларына, бас жоспарына сәйкес аумақты қала құрылысы игеру және елді мекендерді салу жөніндегі қызметті әзірлеуді ұйымдастыру және үйлестіру; ауданның әлеуметтік-әлеуметтік бағдарламаларын әзірлеуге қатысу; ауданның экономикалық дамуы, құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы қолданыстағы нормативтердің, ауданның дамуын айқындайтын бекітілген өңірлік бағдарламалар мен жобалардың дұрыс қолданылуын және орындалуын бақылау, салынып жатқан (құрылысқа жоспарланған) объектілер мен кешендерге мониторинг жүргізу; «Мекенжай тіркелімі» ақпараттық жүйесін жүргізуді және толықтыруды қамтамасыз ету.

Сондай-ақ аумақты салу, инженерлік дайындау, абаттандыру және қоғалдандыру, аяқталмаған объектілердің құрылысын консервациялау, аудандық маңызы бар объектілерді кейіннен көдеге жарату бойынша жұмыстар кешені жүргізу туралы шешімдер қабылдау; қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын ре-

конструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау, қайта бейімдеу) туралы шешім қабылдау; бекітілген қала құрылысы құжаттамасына, қала құрылысы тәртібінің, аудандық құрылыс салу ережелерінің сақталуына сәйкес құрылыс жобаларының іске асырылуын қадағалауды жүзеге асырады. Сонымен қатар, қала құрылысы құжаттамасының барлық түрлерінің әзірленуін ұйымдастыру және бақылау кіреді.

Бөлімнің штат саны 3 мемлекеттік қызметшіні құрайды: басшы, бас маман-сәулетші және келісім шарт бойынша да мамандар еңбек етеді.

Құрылысшы күні ауданның көркіне көрік қосып, ел ырысын тасытып жүрген қолы алтын құрылысшылар қауымының мерейі биіктеп, абыройы асқақтай түсетіні сөзсіз. Сондықтан құрылысшы еңбегі қанша да құрметке лайық! Барлық құрылысшы мамандық иелерін тол мерекелерімен құттықтап, мықты денсаулық, мол бақыт, амандық сәулық, ел экономикасының дамып, елді мекендеріміздің көркеюіне қосқан үлестерінің жемісін көре берсін деп тілеймін!

Руслан СӘДҰАҚАСОВ,
аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!

ТАМЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ЕЛІМІЗДЕ НЕ ӨЗГЕРДІ

Уақыт белдеуіне қатысты өзгеріс: шешім қабылданады

7 маусымда уақытты ауыстыру туралы өтініш 50 мың қол жинады. Үкімет бірыңғай уақыт белдеуін енгізу қажеттілігін бағалау үшін жұмыс тобын құрды. Жұмыс тобы құжатты 40 жұмыс күні ішінде талдап, қорытынды шығаруы керек. Өтінішті қарау мерзімі тамыздың басында аяқталады.

Зейнетақы жинағын алу ережелері өзгереді
10 тамызда зейнетақы жинағын алу қағидаларын өзгерту туралы жаңартылған бұйрық күшіне енеді. Денсаулық сақтау министрлігі зейнетақы жинағын пайдалану ережелерінен Қазақстан аумағында орналасқан медициналық ұйымдарда көрсетілетін стоматологиялық қызметтерді (протез салу, имплантация) алып тастауды ұсынып отыр. Бұйрық күшіне енсе, 10 тамыздан бастап азаматтар осы стоматологиялық қызметтерге зейнетақы жинағын жұмсай алмайды.

Жеке тұлғалардың банкроттық тәртібі
25 тамыздан бастап жеке тұлғалар үшін банкроттық рәсімі қолжетімді болады. Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті (МКД) хабарлағандай, 19 маусымда несиелер берудегі тәуекелдерді азайту және қарыз алушылардың құқықтарын қорғау мәселелері туралы заңға қол қойылды. Бұл құжат «Азаматтардың телем қабілеттілігін және банкроттығын қалпына келтіру туралы» заңға өзгерістер енгізуді көздейді.

Автобус күні
Астанада автобустардың жолақысы қымбаттайды. Елордада 1 тамыздан бастап қоғамдық көлікте жол жүру құны 90 теңгеден 110 теңгеге дейін өседі. Алматыда да автобус құны 120 теңгеге дейін қымбаттайды. Жаңа тариф тамыз айының басында күшіне енеді.

Шетелдіктер Қазақстанда рұқсатсыз жұмыс істей алады
Қазақстан жұмысқа рұқсат алуды талап етпейтін шетелдіктердің тізімін кеңейтті. Атап айтқанда, отбасы мүшелері мен инвесторлық адамдарды қоспағанда, тізім асыраулық виза алған тұлғалармен толықтырылды. Қаулы 2024 жылғы 10 тамызда күшіне енеді.

Астана вокзалындағы автоурақтардың тарифтері
Астана вокзалындағы автоурақтардың тарифтері 5 тамыздан бастап елордада теміржол вокзалындағы ақылы тұрақтардың жаңа тарифтері енгізілді. Автоурақтар 2-6 сағаттан кейін қолданылған сағатына 1000 теңгелік тосқауылдық тариф жойылды. Енді бір сағаттық тариф автоурақтарға өткізген әрбір сағаты үшін 200 теңге болмақ.

Сүмен жабдықтаудың жаңа тарифтері
1 тамыз бен 31 желтоқсан аралығында елордада жаңа тарифтер қолданылады. Енді астаналықтар үшін ауыз судың бір текше метрінің құны енді 79,77 теңге (ҚҚС-сыз) болады.

Шекті балл жинай алмағандарға ҰБТ өтеді
Тестілеу 10-15 тамыз аралығында өтеді. Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, Ұлттық тестілеу орталығының сайтында тіркелу мүмкін болады. Тіркелу кезінде тестілеушілер емтихан өтетін орынды, күні мен уақытын таңдайды.

Қазақстан мектептеріне өтініш қабылдау аяқталады
Қазақстанда мектеп оқушыларын бірінші сыныпқа қабылдау үшін құжат қабылдау 31 тамызға дейін жалғасады. Өтініштер электронды форматта eGov.kz электрондық үкімет порталы және e-Bilim жүйесі арқылы қабылданады.

Сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау мерзімі 25 тамызда аяқталуына байланысты оныншы сынып оқушыларының өтініштерін қабылдау мерзімі де 15 тамыздан 31 тамызға өзгертілді.

Колледждерге қабылдау квоталары өзгертілді
Білім министрі міндетін атқарушының 2024 жылғы 23 шілдедегі бұйрығымен техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беруді бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау квотасы өзгертілді.

Енді квота:
бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер, бала кезінен азаматтарға, мүгедек балалар арасынан шыққан азаматтарға - 10 пайыз (1 % құрады);
бала кезінен мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасы балаларына, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектерге - 5 пайыз (1 % құрады).

Ел азаматтары қанша күн демалады?
Тамызда Конституция күні атап өтіледі. Осыған орай азаматтардың демалыс күніне тағы бір күн қосылады. Быыл 30 тамыз Конституция күні жұмаға тура келіп тұр. Осылайша аптасына бес күн жұмыс істейтіндер 30, 31 тамыз және 1 қыркүйек күндері демалады. Ал алты күн жұмыс істейтіндер 30 тамызда демалып, 31 тамызда жұмыс істейді және 1 қыркүйек жексенбі болуына байланысты қайта демалады.

Ауа райы
Синоптиктер мәліметінше, тамызда Қазақстанда ауа температурасы норма шамасында, дегенмен елдің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында нормадан 1 градус жоғары болады деп күтіледі.

«Шілде мен тамызда көптеген облыста жауын-шашын мөлшері норма шамасында және нормадан көп, ал тамызда орталықта, оңтүстікте және оңтүстік-шығыста нормадан аз болады деп болжанады», деп жазылған мәліметте.

Аяна ТОҒАНБЕК.

ДІН ЖӘНЕ АДАМ

«ТАБЛИҒИ ЖАМАҒАТ» - БҮЛ ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ ҰЙЫМ

Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2013 жылғы 26 ақпандағы шешімімен прокуратура органдарының ұсынысы бойынша «Таблиғи жамағат» деструктивті діни ұйымының қызметіне тыйым салу туралы шешім шығарылды.

«Таблиғи жамағат» қоғамға қауіп төндіреді, деструктивті сипатқа ие, өйткені ол қоғамның діни қатыстылығына, оның өкілдерінің конституциялық құқықтары мен міндеттерін өлеуіне ықпал етеді.

«Фазил амали» таблиғтерін негізгі кітабын талдау қозғалыстың идеялық негіздеріне әдеттердің ерік-жігерін басу, олардың еңбек және зияткерлік қызметін шектеу негізделгенін көрсетеді. Кітаптың діни шексіз қызметіне, тіпті отбасының қажеттіліктеріне ақша табу мәселелеріне де көп көңіл бөлінеді. «Таблиғи жамағат» идеологиясына сәйкес, отбасын қамтамасыз етуге жұмсалған жұмыс уақыты діни мақсаттарына сәйкес келмейді.

«Таблиғи жамағатының» мүшелері өз өмірлерін қозғалысқа бағындырады. «Кесте жамағат» белсенділерінің жылына қырық күн, айына үш күн, аптасына екі күннің екінші жартысы жерсе, күн сайын екі сағатты ұйымға арнау талап етіледі. «Таблиғи жамағат» қызметін талдау 2012 жылы Қазақстанның барлық өңірлерінде қозғалыстың жанданғанын және қолдаушылар қатарына аға «тәлімгерлердің» тікелей қадағалауымен әрекет еткен жастарды белсенді тартуды көрсетеді. Олардың кейбіреулері заңнаманы бұзғаны үшін өкімшілік жауапкершілікке тартылып, көпшілігімен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«Таблиғи жамағат» қызметінің әдістемесі екі түрге бөлінеді. Яғни, жұмысты ашық жүргізу мүмкіндігі болған кезде қозғалыс мүшелері қоғамдық миссионерлік жұмысты жүзеге асырады, бірақ олар қоғам

мен мемлекет тарапынан кедергілерге тап болған кезде, олар үйірмәдеріне түрде жер астына түседі. Осы себептерге байланысты «Таблиғи жамағат» жақтастарын жиһадшылар топтарына көшіру және олардың кейіннен қимылдарына қатысу тәжірибесі бар. «Таблиғи жамағат» террористік және басқа да экстремистік ұйымдар мен заңсыз әскерлендірілген құрылымдар жаңа функцияларды іріктеп алып, жалдайтын ортаны білдіреді.

Қазақстанда өмір сүрген барлық жылдар ішінде «Таблиғи жамағат» қауымы ресми түрде ешқашан тіркелмеген, іс жүзінде ерқашан заңсыз әрекет еткен. Ал «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң күшіне енгеннен кейін олардың қызметі заңсыз болып саналады.

«Таблиғи жамағат» аударылған шақыру қауымдастығы - 1926 жылы Үндістанда Дели маңында Деобандия сопылық мектебінің өкілі Маулана Мұхаммед Илияс Кандахлани ұйымдастырған саяси мақсатқа ұмтылмаған пәцифистік діни қоғам.

Жамағаттың шақыру және тіршілік ету ортасы географиялық және мәдени-этникалық жағынан кең. Сондай-ақ, жамағаттың ізбасарлары басқа ұлт өкілдері мен атеистерді исламға шақыруға ғана емес, сонымен бірге «этникалық мұсылмандар» ортасында жұмыс істеуге, оларды сенім мен белсенді діни тәжірибелер тереңдетуге шақырады. Атап айтқанда, бұл ұйым Батыс Еуропа елдеріндегі мұсылман мигранттарының көптеген қауымдастықтарын исламдандыруда маңызды рөл атқарды.

«Таблиғи жамағат» құрылымы ұяшықтарға бөлінеді, әр ұяшықтың (жамағаттың) өз жетекшісі бар - өмір, он шақты функцияларды оның мүшелері арасында бөледі. «Таблиғи жамағат» белсенділері әр түрлі өңірлерге сапарларының ұйымдастырушылық мәселелерімен, соның ішінде жол жүру, орналасқан жері, тамақтану және т. б. мәселелерімен үнемі айналысады.

«Таблиғи жамағатының» мүшелері көп жағдайда Исламның ережелерін терең білмейтін адамдар болып табылады және бұл ерекшелік бастапқыда осы ұйымға тән болды. Алайда, 1920 жылдардағы Үндістан үшін қолайлы болуы мүмкін нәрсе қазіргі Қазақстан жағдайында мүлдем қолайсыз.

Егер сіз және сіздің жақындарыңыз осы ұйымның немесе қозғалыстың ықпалына түскен болсаңыз және сізге мамандардың консультациясы қажет болса, онда сіз Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі Дін істері басқармасының «Конфессияларлық қатынастарды талдау және дамыту орталығы» КММ («сенім телефонына» 53-42-14 хабарласа аласыз. Сізге діни салаға қатысты барлық мәселелер бойынша ақпарат беріледі, консультативтік және психологиялық көмек көрсетіледі, жалған діни бірлестіктердің деструктивті қызметіне байланысты барлық проблемалық сұрақтарыңызға жауап беріледі. Онда сіздер үшін заңгерлер, теологтар, дінтанушылар мен психологтар жұмыс істейді. Кеңес беру тәулік бойы және құпия түрде жүргізіледі. Қазақстанның кез келген жерінен қоныраулар тегін қабылданады.

Айгүл ӘБСАЛЫҚОВА,
діни және қоғамдық бірлестіктермен жұмыс жөніндегі бас маманы.

САМАН КЕНЕСІ

ӨЗІМІЗДІ НИТРАТТАРДАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ



қамтиды.

Бірақ қуыру нитраттардың концентрациясын өртен төмендетеді: ол оны шамалы 10%-ға ғана азайта алады. Өзіңізді нитраттардан қалай қорғауға болады: №1 ереже көкөніс өнімдерін сақтау шарттарын сақтаңыз! Көкөністердің құрамындағы нитраттардың мөлшері дұрыс сақталған кезде айтарлықтай төмендейді. Егер сіз картопты құрғақ, желдетілген жерде сақтасаңыз, ақпан айына қарай нитраттардың мөлшері 30% төмендейді. Сақтау температурасы да маңызды фактор болып табылады. 30 жыл бұрын отбасының барлығында дерлік сақтау қоймалары болғаны бекер емес.

Көкөністерді сақтау үшін қолайлы температура 2-5 °C деп саналады. Сақтау температурасы неғұрлым жоғары болса, нитраттардың нитриттерге айналу қаупі соғұрлым жоғары болады. Көкөністерді сақтау кезінде олар құрғақ және механикалық зақымдануы болуы керек. Әйтпесе, көкөніс бетіндегі микробтар нитраттарды нитриттерге айналдырады. №2 ереже Сіз тұратын жеріңізге байланысты маусымдық көкөністер мен жемістерді ғана тандаңыз. №3 ереже Болашақта пайдалану үшін көкөністер мен жемістердің үй дайындығын жасаңыз.

Тұздалған және маринадталған көкөністерде нитраттардың мөлшері айтарлықтай төмендейтін ғылыми дәлелденген. Тұзданғаннан кейін екі аптадан кейін нитраттар тұзды ерітіндіге өтеді және олардың мөлшері азаяды. Нитраттардың мөлшері екі есе азаяуы

мүмкін көктемде маринадтар ең зиянсыз болып саналады.

Сонымен қатар, көкөністер мен жемістерді сақтаудың тиімді әдісі оларды муздату немесе кептіру болып табылады. №4 ереже Көкөністердің нитраттар аз мөлшерде жиналатын бөліктерін тұтыныңыз. Жапырақ салаттарында ең жоғары концентрация орталық сабақтың қаққаларында және тамырға жақын орналасқан.

• Аскек, ақжелкен және кинза сабақтарын тастау керек.

• Қырыққабаттың алғашқы жапырақтарын алып, сабағын тастау керек.

• Қияр мен шалғам көкөністің қабығында және өртүрлі ұштарында нитраттарды жинайды, сондықтан қолданар алдында қабығын аршып алын дұрыс.

• Нитраттар цуккини мен баклажан сабағының жанында да жиналады.

• Қауын мен қарбыздың қабығында нитраттардың ең жоғары концентрациясы бар.

• Қызылшада нитраттардың көп бөлігі тамырдың жоғарғы және төменгі жағында, ал сабиде қабығы мен өзегінде болады. №5 ереже Үй бақшасын бастаңыз. Сіз өзіңіздің терезеңізде жыл бойы жасыл, жасыл пияз және салат өсіре аласыз. Осылайша сіз өзіңізді нитраттарды артық тұтынудан қорғайсыз. Мысалы, пайдалы кресс салаты өніп шыққаннан кейін 2-3 апта ішінде жеуге болады. Пияз - үй бақшасы үшін ең қарапайым және ең жылдам өсетін өсімдік.

Таңдау Сіздің қолыңызда! Ауырмаңыздар!

Жөкөністер мен жемістердегі нитраттар тыңайтқыштармен бірге тынырақтан өсімдікке түсетін азот қышқылының тұздары. Азот өсімдіктің жасыл массасының – сабақтар мен жапырақтардың түзілуіне жауап береді. Тынырақта бұл минерал жетіспесе, тіпті ең қарапайым өсімді де ұмытуға болады. Тіздің тынырақ тыл нашар, сондықтан тыңайтқыштарды енгізу ірі шаруашылықтар үшін де, қарапайым жазғы тұрғындар үшін де сәзсіз маңызды.

Егер доза дұрыс таңдалса және егін уақытында жиналса, азотты қосылыстар толығымен сіңеді, ал шырғынды жемістер адамға тек пайда әкеледі. Бірақ егер сіз тынайықшы беру уақытында күмендәнсаңыз, сілсеген жемістерді жинауға асығыңыз, әр дақыл үшін жеке есептелген фермерлер ұсынған дозадан асып кету мүмкін, көкөністердегі нитраттар қауіпсіз концентрациядан асып кетеді. Топырақты шымтезек, көң, селитра немесе нәселермен артық тамақтандыру арқылы сіз өзіңіздің бақшаңызда ашық ауада қауіпті қызанақтарды өсіре аласыз. Өсуге қолайсыз жағдайлар да нитраттардың жиналуына ықпал етеді: аумақтың нашар жарықтандырылуы, қалыпты емес жылу, өдеттен тыс суық, жаңбырлы жаз.

Дегенмен, сіз көкөністер мен жемістерден толығымен бас тартпауыңыз керек. Азот қышқылының тұздары кезкелген организмнің, жануардан да, өсімдіктен де шыққан зат алмасу өнімдері болып табылады. Қарапайым тілмен айтқанда, табиғатта құрамында нитраты жоқ бірде-бір өнім жоқ. Бірақ қауіпсіз тауліктік дозаның шегінен асып кету арқылы ғана улануға болады. Ересек адам үшін 1 кг дене салмағына 3,7 мг, бала үшін - 1 кг салмаққа 0,2 мг.

Бір қызығы, нитраттар көкөністерде өртүрлі мөлшерде жиналады:

• Өнімнің килограммына 80-100 мг диапазондағы төмен концентрацияларды өдетте қызанақ пен баклажан, пияз және картоп, бұрыш және жасыл бұршақ, алма және жидектердің көпшілігі көрсетеді;

• нитраттардың орташа концентрациясы: өнімнің килограммына 300-600 мг-ға шалқан мен шалғам, қияр мен сәбіз, кәді, гүлді қырыққабат және ақ қырыққабатта болады;

• жоғары концентрация: өнімнің килограммына 5000 мг-ға дейін азот тұздары қызылша мен балдыркөкте, редис пен брокколиде, аскек пен шпинатта, жасыл пияз бен салат жапырақтарында, қарбыз бен қауынды көбірек болуы мүмкін.

Нитраттар көкөністерде де біркелкі таралмайды. Сонымен, сәбіздің ең қауіпті бөлігі - өзегі, қырыққабат - сабағы және сыртқы жапырақтары. Қиярлар үшін қабығын толығымен кесіп тастаған дұрыс, ал цуккини мен баклажандар үшін ешқандай шығынды аямаңыз, сабақ аймағындағы етті кесіп тастаңыз. Салат пен шөптерде нитраттар сабақтар мен тамырларда жасырылады, ал қызанақ пен картопта қабығында минералды тұздар жиналады.

Уланудан сақтанудың ең жақсы жолы - шыдамдылық. Жылжымай көкөністерін асыра пайдаланбаңыз, қияр мен қызанақ піскенше күтіңіз: Есіңізде болсын, тіпті Астраханда қарбыздар шілденің ортасында ғана піседі. Сондай-ақ, өнімнің сыртқы түріне назар аударыңыз. Мыналардан қумандануыңыз керек:

• қызанақтағы қалың тері және ақ тамырлар;

• қырыққабат жапырақтарында қара дақтардың көп болуы;

• қияр қабығындағы сары дақтар;

• қою жасыл, жапырақты көкөністердің көк түсті;

• көкөніс немесе жемістің өдеттен тыс үлкен мөлшері.

Түбір көкөністер: редис пен сәбіз, қызылша мен картоп, штекмен мұқият жуып, қабығын тазалап, суық тұзды суға салып қойыңыз. Бар болғаны жарты сағатта көкөністердегі нитраттардың концентрациясы 25%-ға төмендейді! Цуккини, гүлді қырыққабат және брокколиді қайнаған суға құйып немесе қайнаған суға 5-10 минут қайнатыңыз.

Ешқашан сорпаны көкөніс сорпасымен пісірмеңіз: ол азот қосылыстарының 60-80% сіңіреді және үй шаруашылығында ешікме пайда әкелмейтін сәзсіз. Кейбір зиянды заттар бұмен бірге шығуы үшін көкөністерді қақпағы ашық күйде қайнату керек. Мысалы, көкөніс салатын маймен ғана емес, лимон шырғынын да дәмдеңіз. Соңғысы қауіпті азотты қосылыстарды бұзатын С витаминінің жүктеме дозасын

ҚОЛДЫ ЖУУ: ИНФЕКЦИЯНЫҢ ТАРАЛУ ҚАУПІН АЗАЙТУ НЕГЕ МАҢЫЗДЫ?

Ластанған заттарға немесе беттерге қол тігізіп, содан кейін бетімізге (ауыз, көз және мұрын) қол тігізу арқылы біз көзге көрінбейтін микроорганизмдерді тасымалдаймыз, өзімізді инфекция қаупіне ұшыратамыз.

Қол гигиенасы жеті респираторлық вирустық инфекциялар, тұмау, норовирустық инфекция, стафилококк инфекциясы, А гепатиті, ямблиоз, дизентерия, гельминттерден туындаған аурулар және басқа инфекциялар сияқты инфекциялардың таралуын болдырмауға көмектеседі.

Қолды дұрыс жуу – сабынды қолдану, қолды сабынмен белгілі бір уақыт (кем дегенде 20 секунд) сүрту, сонымен қатар ағынды сумен шаю маңызды. Қолғап кию қолды жууды алмастырмайды. Медицина қызметкерлері және жұмысшылар қанмен және кейбір басқа дене сұйықтықтарымен өсер ететін кейбір басқа кәсіптер арнайы қол жуу әдістерін пайдаланады.

Қолыңызды қашан жуу керек?

- Үйге оралғаннан кейін;
- Көзді, мұрынды, ауызды немесе бетті ұстамас бұрын.
- Дәретхананы пайдаланғаннан кейін (соның ішінде жаялықтарды ауыстыру немесе төсекке таңылған науқасты күту кезінде).
- Мұрныңызды үрлегеннен немесе түшкіргеннен кейін.
- Тамақ пісіреді алдында және кейін, тамақ алдында.
- Шикі ет, құс немесе балықты ұстағаннан кейін.
- Қоқыспен, қоқыс контейнерлерімен немесе ластанған беттермен байланыста болғаннан кейін.
- Науқас адамдарға барғаннан немесе оларға күтім жасағаннан кейін.
- Дәрі қабылдау алдында.
- Кесілген немесе жараны өздігінен емдеуге дейін және кейін.
- Контакттілі линзаларды салу және алу алдында.
- Үй жануарларымен байланысқаннан

Қолды жуу инфекцияның таралуын болдырмаудың маңызды және тиімді әдісі болып табылады. Қол гигиенасы ішек инфекцияларының таралуын 31%-ға, тыныс алу жолдарының инфекцияларының таралуын 21%-ға азайтады. Инфекцияның берілуі көбінесе басқа адамға жанасу арқылы кездесіп қалады. Біз заттарды үнемі қолмен ұстаймыз.



және оларға күтім жасағаннан кейін. Сауда орталықтарына, мейрамханаларға, кафелерге барған кезде қол гигиенасын үнемі сақтау қажет. Қолды сабынсыз сумен жуу тиімді емес. Сабын қолдану және қолды кем дегенде 20 секунд жуу маңызды.

Қолды қалай дұрыс жуу керек?

1. Көз келген сақиналарды, сағаттарды немесе басқа зергерлік бұйымдарды алып тастаңыз.
2. Қолыңызды жақсылап сулаңыз.
3. Сабын (1-3 мл) алыңыз және кем дегенде 20 секунд өте жақсы көбітендіріңіз - саусақтарыңыздың арасын, тырнақ астын, қолыңыздың арты жағын, алақаныңызды,

білектеріңізді жуыңыз.

4. Таза ағынды сумен жақсылап шайыңыз.

5. Қолыңызды таза сулгімен (қағаз, шүберек) құрғатыңыз немесе арнайы қол кептіргішті пайдаланыңыз.

6. Қрандары қағаз сулгімен жабыңыз (қолдарыңызды қайтадан ластамаңыз).
7. Жуынатын бөлмеден шыққанда лас беттерге қолыңызды тигізбеңіз. Мысалы, есікті ашу үшін бірдей қағаз сулгіні пайдаланыңыз. Бала қолын жуған кезде жақын жерде тұрып, оны қадағалаңыз.

Қай сабын жақсы?

Қайта толтыруды қолданып бір реттік контейнерлердегі сұйық сабын ең

қолайлы. Қайта пайдалануға болатын контейнерлер пайдаланылса, оларды толтырмас бұрын жуу және кептіру керек. Сабын қалтасын пайдаланған кезде оны судың ағып кетуіне мүмкіндік беретін сабын ыдысына қояды ұмытпаңыз.

Бактерияға қарсы сабын немесе кедімгі сабын?

Кедімгі. Ол микробтарды өлтірмесе де, ол сумен бірге барлық кір мен микроорганизмдерді тамаша жояды. Бактерияға қарсы сабын инфекцияның берілу қаупі жоғары болуы мүмкін ауруханада пайдаланылуы мүмкін. Жол жүру кезінде қолды жуу мүмкін болмаса, антисептик (гель, спрей) өзіңізбен бірге алып жүріңіз. Бұл өнімдердің кейбіреулері тері жұмсарқыштары бар этил спирті арқылы жасалады.

Бұл қолды жууды алмастырмайды, бірақ жуу мүмкін болмаса, антисептикалық немесе дезинфекциялық әсері бар дымқыл майлықтармен емденіз. Алкоголь негізіндегі қолды тазартқыштар құрамында кем дегенде 60% алкоголь болуы керек. Дезинфекциялау құралдары барлық микробтарды және барлық ластануларды, соның ішінде химиялық заттарды жоя алмайды. Абайлаңыз! Қолды дезинфекциялау құралдары аллергиялық реакция тудыруы мүмкін істерге еі болуы мүмкін.

Дезинфекциялау құралын қалай қолдануға болады?

Қажетті мөлшерді бір алақанға жағыңыз. Қолдарыңызды біріктіріңіз. Өнімді шетканың бүкіл бетіне, саусақтардың арасына таратыңыз. Қолдарыңыз құрғағанша күтіңіз. Балалар антисептиктері ересектердің қадағалауымен қатаң түрде қолдануы керек.

Қолды жуу - өзіңізді және басқаларды инфекциядан қорғаудың ең жақсы тәсілі!!! Қолыңызды бірге жуу арқылы балаларыңызға үлгі болыңыз.

Құлсары ӘЛЖАНОВА,
Мағжан Жұмабаев ауданы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

«АҚ БИДАЙ - 2024» ОБЛЫСТЫҚ ЖАЗҒЫ СПОРТ МЕРЕКЕСІ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

1-4 тамыз аралығында Есіл ауданының Яеленка ауылында «Ақ бидай - 2024» облыстық жазғы спорт мерекесі өтті, оған мажандық спортшылар да қатысты.

Айта кету керек, біздің ауданның құрама командасы бірнеше спорт түрінен финалда өнер көрсетіп, жеңімпаз атануға тырысып бақты.

Мәселен, ерлер арасында баскетбол жарысында мағжандық спортшылар Тайынша ауданының командасымен финалда кездесіп, екінші орай, 32:28 есебімен жеңіліп қалды, бірақ облыстық жарыстың күміс жүлдегері атанды.

Сонымен бірге, баскетбол мен волейболдан аудандық әйелдер командалары жүлдегер атануға жақын болып, жалпыкомандалық есепте олар 4-ші орын алды.

Дойбы бойынша жарыста аудан құрамасы жылдағы дәстүрге сай, жақсы нәтиже көрсетіп, қола медальды жеңіп алды.

Боз кілемде белдескен балуандар да барын салып, нәтижесінде еркін күресте 57 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Дүйсенбай Батырбек 3-ші орыннан көрінді.

Гир спортында 73 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Святослав Гаманко мен 78 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде сынға түскен спорт ардагері Ерік Әлібаев күміс медальдарды иеленді.

Ауыр атлетика бойынша 61 келі салмақта бақ сынасқан Александр Шпехт және 109 келіден жоғары салмақта бар күшін салған Виктор

Давыдов күміс медальдарды еншіледі.

Жалпы ауданның құрама командасы 15 спорт түрінен сынға түсіп, жалпыкомандалық есепте 13 команданың ішінен 6-шы орыннан көрінді. Жарыс қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте бірінші орын - Есіл, күміс жүлде Қызылжар ауданына жөн қола медальдар Фабит Мүсірепов ауданына бұйырды. Оларға ақшалай жүлде де қарастырылды. Осылайша, 500, 300 және 200 мың теңгелік сертификаттар табыс етілді. Келер жылы «Ақ бидай» ойындары Уәлиханов ауданының орталығы Кішкенекөлде өтеді деп жоспарланған.

Әрине, спорт болғаннан кейін жеңісте, жеңілісте қатар жүреді. Сондықтан бақ пен бап қатар шапқан кезде ғана спортшылар жоғары жетістіктерге қол жеткізе алады.

Ендеше, аудан намысын абыроймен қорғап, бар күш-жігерін салған мағжандық спортшыларға, ақыл-кеңестерін айтып, спортшыларды жеңіске қайраған жаттықтырушыларға, басқа да атсалысқан жандарға шынайы алғысымды айтып, ризашылығымды білдіремін.

Қанат МҮСАТАЕВ,
аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.



БУЛАЕВТА СТУДЕНТТІК ҚҰРЫЛЫС ЖАСАҚТАРЫ БАС ҚОСТЫ



1 тамызда аудандық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен Булаев қаласында студенттік құрылыстық жасақ ардагерлерінің, жастар мен «Жасыл ел» бағдарламасы жауынгерлерінің қатысуымен «Алғашқы студенттік құрылыс жасақтары» естелік белгісінің жанында кездесу өтті.

Қазіргі кездегі «Жасыл ел» бағдарламасы жауынгерлерінің алғашқы жұмыс күні студенттік жасақтардың ардагерлерімен кездесуден және алғашқы студенттік құрылыс жасақтарының 65-жылдығына арналған керемет шарадан басталды.

Айта кету керек, бүгінде біздің жауынгерлер бұл істі жалғастырып, ауданымыздың игілігі үшін жұмыс істеп, ауданымыздың таза, жайлы және әдемі болып жайқалуына өз үлестерін қосуда.

Бұл ұриактардың үздіксіз байланысын және біздің елімізді гүлденуі мен көркеюіне деген ортақ міндетімзді көрсетеді.

Кездесу соңында студенттік құрылыстық жасақтар ардагерлері біздің жасылділік жауынгерлерге көптеген ізгі тілектерін айтып, жастар ресурстық орталығына студенттік құрылыстық дәстүрлерді сақтаудағы адалдығы мен белсенді ұстанымы үшін алғыстарын білдірді. Белсенді ардагерлер мен ұйымдардың басшылары Алғыс хаттармен марапатталып, естелік суретке түсті.

СІО ТАМЫЗ - АБАЙ КҮНІ

АБАЙ МҰРАСЫ - МӘНГІЛІК ҚАЗЫНА

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен 10-шы тамыз - Абай күні деп белгіленді. Дәл осы күн – қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы, қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбайұлының туған күні. Бұл күн 2020 жылдан бастап Қазақстанда мереке ретінде аталып өтілуде.

Қазақ халқының ұлы ақыны өзінің әдеби және музыкалық шығармаларында, ойы терең және тілі өткір Қара сөздерінде еңбек пен жігерге, рухани дамуға және сабын бақыртуға шақырған. Абайдың гуманистік және ағартушылық мұраттарға ие прогрессивті көзқарастары бүгінде аса өзекті. «Тек ақыл, ғылым, өрік, ар-ұждан адамды көтереді», - Абайдың осы және басқа да сөздері қанатты сөздерге айналды. Абай 170 астам өлең мен 56 аударманың авторы. Оның қаламынан бірнеше поэма мен 45 «Қара сөз» туған. Абай аудармаларының арқасында әлем әдебиеті классиктерінің шығармалары қазақ тілінде жарық көрді.

Абайдың ұраны – адамды сүю болса, біздің өліміздің қазіргі халықтар достығы, осы ұранның іске асуына айқын айғақ.

Қысқасы, «өлмейтұғын артына сөз қалдырған» Абай атамыз әр жүректің ыстық түкпіріне сақталған сүйіктісі! Ол осы қалпында мәңгі жасайды. Абайдың өмірі мен шығармашылығын дамытуға аудандық кітапхана да өз үлесін қосып, тәрбиесі зор іс-шаралар ұйымдастырып келеді. Сондықтан Абайдың мол мұрасы – қазақ халқы үшін мәңгілік қазына.

Маржан ТҮЯҚОВА,
аудандық орталық кітапханасының кітапханашысы.



АБАЙ МЕН ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ҮНДЕСТІК

Қазақ әдебиетіндегі ұлы дәстүр – Абай дәстүрі. Абай дәстүрі деген ұғымның сан салалы, күрделі екендігі баршаға мәлім. Абай мұрасы тақырып-мазмұн жағынан алғанда да, ақындық өнер, шеберлік тұрғысынан келгенде де ұлан-ғайыр. Қазақ әдебиеті тарихында Абай дәстүрі деген ұғымның қалыптасып, кең қанат жайғаны бүгінгі әдеби үрдістің даму барысында зор маңызын көрсетіп отыр. Себебі Абай дәстүрі деген тақырып өте кең ауқымды өрі өзекті, ғылыми айналымға түскен сала. Абай дәстүрінің Шөкәрім шығармашылығындағы жалғастығын зерттеген ғалым Б.Әбдіғазиевтің пікірін негізге алсақ: «Абай дәстүрі – қазақ әдебиетінің даму тарихында заңды жалғасын тауып, жан-жақты байыр келе жатқан асыл арна», - дейді. Қазақ әдебиеті тарихында Абайдың әдеби мұрасын жоғары бағалап, алғаш пікір білдірген қалам қайраткерлері – Алаштың ардақты азаматтары. ХХ ғасырдың басында ақ Алаш арыстарының бірі Ахмет Байтұрсынұов Абайға «қазақтың бас ақыны» деп, ал Мағжан Жұмабаев «хақим ақын» деп, Сұлтанмахмұт Торайғыров «ақындар пайғамбары» деп лайықты бағаларын берген.

Қазақ халқының ой алыптары Абай және Шөкәрім тағдыры мен шығармашылығында ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар. Олардың есімдері ылғи бірге аталады: аға және іні, рухани тұлғасқандар, ұстаз және шәкірт, қоғамдық жұмыстарға да белсене араласқан.

Екі ой алыбы өз туындыларында қазақтың қоғамдық ой санасындағы шешуші әрі күрделі философиялық тақырыпты көтеріп, оның өзегіне айналған жантану ілімін танып білу жолында толассыз ізденіске түскен.


Қазақ фольклоры, шығыс классикасы, батыс мәдениеті екеуіне ортақ дүниетанымын қайнар бұлағы болса, осы дүниетанымды игеруге көмектескен өз тәлімгерлері болған. Ағартушылық жолына, ғылым жолына мені өкелгендер деп Абай ағасы Халиолланы, әжесі Зерені, орыс достарын атап кеткен. Ал, Шөкәрім шәкірттік ризашылығын ағасы Құнанбайға, ағасы Абайға білдірген.

Шөкәрім Күдәйбердіұлы 16-17 жасынан бастап Абайдың ықпалымен өлең жазу бастайды.

«Мынау Абай бір ғалым жол шығарлық... Кісі емес, ескерусіз бос қаларлық», - деп жазды ол алғашқы өлеңдерінің бірінде. Бірақ жасында шығармалық еңбек жазумен оша әуестенбей, Шөкәрім ел ішінің жұмыстарына көбірек айналысады, оқиды, ел аралайды, жылқы бағды, аңшылықпен айналысады, ауыз әдебиетінің байлығынан үйренеді, тарихи деректер жинап, кейін шешіре жазды. Оның жазушылыққа біржола ден қойып кірісуі қырық жасынан, яғни 1898 жылдан басталады.

Шөкәрім Батыс пен Шығыс елдерінің әдебиетіне көз жіберді. Пушкин мен Толстойды, бертінде Некрасовты ұстаз тұтты. Ол Шығыс әдебиетінен Қожа Хафиз, Науаи, Физулиді жоғары бағалады. Ол «Дубровский» аудармасының алғы сөзінде былай деп жазған:

Айтқан сөзі ауруға ем, жанға құмар,
Тауып айтқым тәтті тіл, сайраушылар.
Байрон, Пушкин, Лермонтов, Некрасов,



Қожа Хафиз, Науаи Физули бар. - деп Пушкин мен Толстойды Абай қандай сүйсе, Шөкәрім де сондай сүйеді.

Абай өзінің мұрасымен классик ретінде танылып қана қоймай, өзіне тән дәстүрі бар ақындық, адамгершілік, ағартушылық мектебін аңпаң, өз маңайындағы шәкірттері қанаттанып ұшуына үлкен ықпал жасаған ұстаз ретінде танылады. Белгілі абайтанушы М. Әуезов көрсеткендей, қазақ еліндегі басқа ақындармен салыстырғанда Абайдың үлгісін алған шәкірттері болуы – тарихи жаңалық.

Ақылбай, Әріп, Уәйс, Әубәкір, Бейсембай, Көкітай, Көкбай, Шөкәрім – Абай мектебінің мақтанашы, жанашыл, ойшыл, ағартушы, тәлімгер болған тұлғалар. Қанымен, жасымен, рухымен ұстазына ең жақын болған – Шөкәрім.

Шығармалық өнерінде Шөкәрім Абай қандай бағыт ұстанса, сондай бағыт ұстанған. Барлық шығармаларының идеясы қазақ қоғамын еңбекке, мәдениетке, адамгершілікке, әділдікке шақыру болады, адал махаббатты жырлайды, әлеуметтік теңсіздікті сынайды, соның ішінде әсіресе өйел теңдігінің жыршысы болады, әйелдерді кем санап, тағылық, деспоттық жасаушыларға қарсы шығады.

Тақырып, мазмұн жақтарынан ұстаз бен шәкірттің өлеңдері, қарасөздері ұнтасып жатады. Абайдың тәлімдік, тәлімгерлік таланты Шөкәрімнің сегіз қырлылығында өз көрінісін табады. Ұстазында кездестіріп, өзіне дейін қазақ мәдениетінде ұшыраспайтын құбылыстарды дамытқан. Қазақ халқының этногенезі туралы Абай екі ауыз сөз қалдырып, сол сөзінде этногенезді зерттеу бағдарын анықтаған. Абайдың тапсырмасымен 19 жасынан мәліметтері жинаған Шөкәрім мазмұн және форма жағынан ерекше «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресін» құрастырған. Өзге дәстүрлі шежірелерден айырмашылығы – тек қана жүздер мен рулардың пайда болуы туралы аңыздарды жазба түрдегі жиығы емес, бұл автордың қазақ елінің тарихи санасын, ұлттық сезімін жоғары көтеретін тәлімдік ойлар қорытылды еді.

Ұстазы Абай сияқты Шөкәрім де алдымен реалист ақын. Жоғарыда айттық,



ол да шығармаларында өмір шындығын, әлеуметтік қайшылықтарды, өткендегі үстем таптың зорлық-зомбылығын, бұқара халықтың ауыр күйін жырлайды. Дәулетті таптың өкіддерін ақын мынадай сөздермен шенейді:

«Мақсаты жаман жанды өз білмек,
Ол қашан өзгелерді көзіне ілмек.
Сатса меілі, қонаққа сойса меілі,
Халықты қой есепті айдап жүрмек».
Ол ағасы Абай сияқты, өлеңді өнер деп білген, оған мол таланты, еңбекқұмар жерің барына жұмсап, қасиет тұта кіріскен. Оның әрбір өлеңі ұйқасқа қысылмайды, сөздері сара-сара, мағыналы да терең мазмұнды да, бейнелі де кестелі. «Өн - өлшеуші, өлең - күміс, Қоспаңыз мыс аралас.
Артық алу, не кем салу
Қапы қалу жарамас...»,- дегенді өзі ұстанып, өлеңнің буынына, әрпіне, ауыздылығына, әсерлілігіне қатты көңіл бөледі.

Сондай-ақ Абайдың «Қара сөздері» - қазақ философиясының негізгі ой түрткісі болса, Шөкәрімнің «Үш анығы» - қазақ философиясының шыңы. Форма жағынан Абай туындысы әдеби ессе болса, «Үш анығы» - трактат.

Оқырмандар жақсы түсініп, берік меңгеріп, есте сақтауына ыңғайлы болуы үшін трактат стилі қолайлы, өз ойларын автор бірнеше рет қайталап жазды, негізгі дәлелдерін келтіреді, қорытындысын анықтайды. Араб, орыс терминдерін міндетті түрде қазақ тіліне аударды, дербес терминдер ұсынып, қазақ тіліндегі философиялық категориялар, атаулар негізін қалайды.

Екі ойшылды қызықтырған жан мәселесі. Табиғат өлеңі де жан өлеңі деген Абайдың пікірін Шөкәрім түрлендіреді. Оның пайымдауынша, дүниедегі барша нәрсенің жаны бар, жан өлмейді, өзгереді, өзгерген сайын оседі, жоғарылайды: сезімді жан (инстинкт), аңғарлық жан (сознание), ойлайтын жан (мысль), ақылды жан (ум).

Жан мәселесін зерттегенде Шөкәрімнің буддизм қағидаларымен таныс болғаны шығармаларынан белгілі. Көктайдың айтуынша, Абай буддизм негіздерін зерттеп үлгермеді деп өкінген екен. Абай мен Шөкәрім екеуіне ортақ ой – діндердің

бәрі шатақ, екеуі де соқыр дінге, жұртты жеген молдаларға қарсы шыққан. Бірақ екеуі де негізгі діни қағидаларды жоғары рухани-құдіқтық (моральлық) қағидалар деп түсіндірген.

Қазақ поэзиясының асқар шыңы Абай қалдырған шығармашылық дәстүрді жалғастыра отырып, өз жаңалықтарымен байыта өрнектеген Шөкәрім Күдәйбердіұлының көркем мұрасы төл әдебиетіміздің асыл қазынасы іспетті.

Ақын қазынасы көптеген өлеңдер мен поэмалардан, мысалдар мен нақыл сөздерден, әңгімелер мен философиялық толғаулардың негізінде құралғанын білеміз. Оның қай туындысын алып қарасақ та жана лебімен, сазды үнімен, ойлылығымен, сұлулығымен ерекшеленіп, оқырманды баурай түсетіні анық. Шөкәрімнің танымдық өлеміне Абай мұрасы арқылы кіру – ұтымды боларына айрықша ден қою керек, өйткені бұл жол жантану ілімін танып білуде адастырмас темірқазығымыз.

Екі ой алыбы өз туындыларында қазақтың қоғамдық ой санасындағы шешуші әрі күрделі философиялық тақырыпты көтеріп, оның өзегіне айналған жантану ілімін танып білу жолында толассыз ізденіске түскен.

Алдымен, Абай өз поэзиясында 1889 жылдан өмірінің соңына дейін туып иені танып білу жолында жүрек күшін көтере жырлау арқылы толық адам ілімінің негізін салуға батыл қадам жасауға ұмтылды. Бұл ұмтылысты Шөкәрім дәстүрді жалғастыра дамыту арқылы ХІХ ғасыр аяғы мен ХХ ғасыр басындағы әдебиетте философиялық лириканы классикалық биік деңгейге көтері білді. Әсіресе, бұл өлең күрделі, шешуі қиын мәселені Шөкәрім ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің ояну дәуірінде мүлде тереңді зерттеп, соны танып, тың ойлар желісін тартты. Өрі оны философиялық лирика табиғатына сай молынан қамтып, зерттеп терең мән бере қарады. Анығына келсек, Абай мен Шөкәрімдегі философиялық лириканың өзекті тақырыбына айналып отырған аса күрделі де ұғынуы қиын ғарыштық танымдағы жантану ілімі туралы мәселе таза ақыл қуатымен танып жырланған өзіндік қайталанбас терең сыры бар тылсым құбылысқа айналды.

Қазақ поэзиясының биік белеске көтерілуіне, әдеби тілдің ауқымның кеңеюіне Абай шығармашылығының үлкен үлес қосқаны анық. Шөкәрім де Абайдан соңғы қазақтың ең көрнекті тұлғаларының бірі. Абай мен Шөкәрімнің мол әдеби мұрасынан өзгеше мәдениет, кең өріс, бедерлі өрнек танымыз. Қос ақынның өлеңдерінде, поэмаларында, философиялық ой-толғауларында бір пендеге гана емес, бүкіл адамзатқа тон сырлы мұң жатыр. Бұл өлең өрісін, өнер көкжиегін айқындайтын биік меже. Біздің туған тілімізде, ұлттық әдебиетімізде Абайдан соң гана мүмкін болған биік жетістік. Шөкәрім Абайдан соңғы ең танымал өсім, ең көрнекті тұлға. Сондықтан да қос алыптың шалқар дүниетанымы, нұрлы жаны, талантты тебіренісі, өзгеше бітімі, биі мақұсаты, ақыл-ой тереңдігі қазақ халқының ары-майтын рухани биігі болып қала бермек.

МАМАН КЕҢЕСІ

EGOV.KZ ПОРТАЛЫ

БРУЦЕЛЛЕЗДІ МАЛ ҮШІН ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕУ ШАРТТАРЫ



Бруцеллез - жануарлар мен адамдардың созылмалы ауруы. Бруцеллезбен ауыратын адамдар үшін инфекцияның негізгі көзі қой, ешкі, ірі қара, түйе, шошқа, марал және басқа да жануарлар түрлері болып табылады.

қызмет қызметкерлері үй-жайды одан әрі дезинфекциялау үшін механикалық тазалауды (көңді, жемді алып тастау) жүргізу қажет.

Бруцеллезбен ауыратын жануарлардың (қой мен ешкінің ұшасынан басқа) еті ветеринариялық-санитариялық бағалау қағидаларына сәйкес, ұшалар мен органдарда патологиялық өзгерістер болмаған кезде, ет 12 сағат піскеннен кейін шектеусіз шығарылады.

Мұндай қорытындыны алған кезде жануарлардың иелері берілген ветеринариялық-санитариялық сараптама актісінің негізінде ішкі сауда объектілерінде (дүкендерде, базарларда) нарықтық баға бойынша бруцеллезге оң жауап беретін жануарлардан алынған ет ұшасын одан әрі өткізуді жүзеге асыра алады немесе сою объектісінде ет ұшаларын да нарықтық баға бойынша өз қалауы бойынша қалдыра алады.

Сондықтан ірі қара малдың, шошқаның, түйенің және жылқының бруцеллезі кезінде оларды шектеусіз пайдалану туралы сараптама актісін алған ет иелеріне жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын өтеу төленбейді.

Яғни, жануарлардың бруцеллезі кезінде міндетті түрде залалсыздандыруға (зарарсыздандыруға) және қайта өңдеуге жіберілетін ұшалар мен органдарда патологиялық өзгерістер болған кезде ғана құнын өтеу төленеді.

Өтеу жергілікті бюджет есебінен жануарлардан алынатын өнімнің бір килограммы үшін орташа айлық нарықтық құнының 30% мөлшерінде

жүргізіледі, ал қалған орташа айлық нарықтық құнын (70%) жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өңдеу жөніндегі ұйым төлейді.

Бруцеллезге оң әсер ететін жануарларды алып қоймай, міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу кезінде құнын өтеу кезінде қажетті құжаттардың тізбесі:

1. Сараптама актісі (сынақ хаттамасы);
2. Залалсыздандыру (зарарсыздандыру) туралы нұсқама;
3. Жануарларды, өнімдерді өңдеуге тапсыру туралы акт;
4. Орташа айлық нарықтық құнды белгілеу туралы акт;
5. Ветеринарлық паспорт;
6. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордан үзінді.

Бруцеллез ауруының алдын алу үшін барлық меншік нысандарының иелері міндетті эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізу үшін жануарларды ветеринариялық қызмет мамандарына ұсынып, жануарларды ветеринариялық станцияда тіркеуді жүргізуі қажет.

Құрметті ауданымыздың тұрғындары! Бруцеллез адам мен жануарға ортақ қауіпті ауру. Бруцеллездің қауіпсіздігі мен алдын алу шараларын сақтаңыз!

Елена ЯКУНИНА,
Мағжан Жұмабаев ауданы
ветеринарлық стансасының
ветеринарлық дәрігері.

EGOV.KZ ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН АЛУ ҚЫЗМЕТІН ЖАҒАРТТЫ



eGov.kz порталынан пайдаланушылар енді жүргізуші куәлігін жарамдылық мерзімі аяқталған, жоғалған немесе ұрланған кезде ғана емес, сондай-ақ тегі, аты және екісінің аты өзгерген кезде де ала алады.

Енді жүргізуші куәліктерін ауыстырған кезде пайдаланушылар бұрын алынған жеке куәлігі мен паспортынан (3 жылдан аспайтын құжаттар) өз фотосын орнату мүмкіндігі пайда болды. Басты шарты фотосуретті пайдаланылатын құжат 3 жылдан артық болмауы керек.

Бұдан басқа азаматтарға ыңғайлы болу үшін дайын құжаттарды алуға болатын ХҚКО бөлімшелерінің тізімі кеңейтілді. Енді жүргізуші куәлігін тек мамандандырылған ХҚКО-да ғана алмайсыз. Онлайн-сұрау салу кезінде жүргізуші куәлігін қайта шығару 60 минутты, арнайы ХҚКО бөлімшелерінде – 120 минутты алады.

Қызметті үш рет басып алуға болады:

- eGov.kz порталында авторизация жасаңыз және «Көлік және коммуникация» бөліміне өтіңіз;
- қызметтер тізімін «Жүргізуші куәлігін алу» тармағын таңдаңыз және барлық қажетті өрістерді толтырыңыз;
- ЭЦҚ көмегімен қызметке қол қойыңыз.

Қызмет нәтижесімен Жеке кабинетте танысуға болады. Пайдаланушыға хабарлама қызметті алу тәсіліне қарай (онлайн немесе офлайн) 60 немесе 120 минутты ішінде келеді.

Қызметтің жаңа функционалы Ішкі істер министрлігі, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік қызметтер комитетінің және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ бірлескен жұмысының арқасында іске қосылды.

Жайнағұл СЕЙДАХМЕТОВА.

Берілудің жетекші факторларына бруцелла жұқтырған жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат, күтім заттары, жем-шөп, тесек-орын, су, топырақ, адамдардың киімдері жатады.

Шаруашылықтағы ауру басқа шаруашылықтардан жануарларды табына енгізгеннен кейін, малды карантиндеудің негізгі ережелерін сақтамаған кезде, сау және ауру жануарларды бірлесіп жаю кезінде, жұқтырған су көздерін, мал айдау жолдарын мал суару үшін пайдаланған кезде пайда болуы мүмкін.

Бруцеллездің жаңа эпизоотиялық ошақтарында бірнеше ай ішінде 60%-ға дейін және одан да көп сезімтал мал жұқтырылуы мүмкін.

Аурудың таралуын болдырмау мақсатында жылына екі рет бруцеллезге диагностикалық зерттеулер жүргізіледі.

Бруцеллез бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібіне сәйкес иелері ауру жануарларды басқа жануарлардан оқшаулауға және күнтізбелік 15 күннен аспайтын мерзімде ет комбинаттарына немесе сою пункттеріне санитариялық союға тапсыруға міндетті. Жануарды санитариялық союға жібергеннен кейін, ауру жануар орналасқан үй-жайда ветеринариялық

Ыбырай атамның «Өнер-білім бар жұрттар» атты өлеңіндегі «... айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған» байланыс құралы – телефон бүгінгі таңда қауіпті құралға айналып отыр, одан түскен бір қоңыраудың салдарынан бүкіл жиган-тергеніңнен айырылып қалуға болады.

Fingramota.kz мобильдік нөмірге бір қоңыраудың нәтижесінде азаматтарымыздың ақшасынан қалай айырылатыны және оның алдын алып, өзіңізді және жақындарыңызды қорғау үшін не істеу керектігін айтып береді.

Не болды?

Соңғы бірнеше күннің ішінде қазақстандықтарға мобильдік байланыс «операторларынан» түскен қоңыраулар жиілен кетті, олар ұялы телефонның SIM-картасының мерзімі аяқталғаны және тиісті шартты ұзарту қажеттілігі жөнінде хабарлайды. Жалған оператор телефон картасының қолданыс мерзімін ұзартуды ұсынады, кері жағдайда ұялы телефонның нөмірі сағат 00.00-де бұғатталады-мыс. Үрейленген абонент онымен келіседі және оған әрі қарай не істеу қажеттілігі жөнінде нұсқау түседі.

Бірінші кезекте «оператор», назар аударыңыз, eGov.kz. бірыңғай байланыс орталығының 1414 нөмірінен СМС-хабарламамен келетін «талонның кодын» айтуды сұрайды. Алаяқтардың бұл нөмірді таңдауы кездейсоқ емес, өйткені бұл нөмір қазақстандықтарға бұрыннан белгілі.

Алғал азаматтар смс-хабарламамен келген код нөмірін айтады және «оператор» өзінің «құрбанын» ары қарай алдарқатып, өз дегенін істеді. Мысалы, жүйеде ол кредит ресімдеуге әрекет жасалғанын көреді, енді ол қай банкте және абоненттің кредитті қандай сомаға ресімдемекші болғанын анықтайды. Ең бастысы, олар «құрбанын» кредитті заңсыз ресімдеу мүмкіндігін болдырмау үшін банктерге сұраныстар жіберетініне сендіреді. Абонент көмек көрсеткені үшін алыс айтады, ал алаяқтар, өз кезегінде, барлығы белгілі болғаннан кейін қайта қоңырау шалуды рұқсат сұрайды. Абонент келіскен кезде телефонды ажыратпауды, қоңырауларға жауап беруді және олардың нұсқауларын қатаң сақтауды сұрайды.

Әрі қарай абонентке сіздің атыңыздан кредит ресімдеуге өтініштің ресімделгені не ресімделмегені туралы сұрақпен «банктен қоңыраулар» түсе бастайды. Клиентке қандай да бір күдік туындайтын жағдайда оған банктен ресми құжат деп алдап, мөр, қолтаңба қойылған және заңсыз

АЛАЯҚТАРДЫҢ КЕЗЕКТІ ӘРЕКЕТІ



Қазақстандықтарды мобильдік байланыс операторларының және мемлекеттік органдардың бірыңғай байланыс орталығының атынан түскен қоңыраулар мазауада.

кредит ресімделгенін растайтын тиісті мәтін көрсетілген жалған үзінді көшірме жібереді. Алданған адам сенін қалады және қатаң түрде нұсқауларды орындайды.

Сондай-ақ, алаяқтар психологиялық тұрғыдан әсер етеді: жөбірленушілік ақпараттың аса конфиденциалды екенін және тиісті қарулы органдарының іске қосылатынын, өңгімелер жария болған жайдайда сыбайлас адам ретінде жауапқа тартатынын, қылмыстық іс қозғалатынын айтып, туыстары мен достарына қоңырау соғуға тыйым салады.

Жөбірленуші мен алаяқтардың мұндай келіссөздері 2 сағаттан 5 сағатқа дейін созылады. Осы уақыт бойы адам қорқыныш пен алаңдаушылықты бастан кешіп, қысымға ұшырайды. Осы уақытта алаяқтар кредиттер ресімдейді және барлық байланыс тоқтайды. Кейбір адамдар бірте-бірте қателік жасағанын түсініп, әрекет ете бастайды. Кейбіреулер біраз уақыт өткеннен кейін ғана, яғни бірнеше күннен бір айға дейінгі уақытта, оның өзінде аталмыш кредиттерді төлеу мерзімі кешіктірілгені

анықталғаннан кейін өздеріне қарыз ресімделгенін біледі.

Қандай шаралар қабылдау қажет?
Ең алдымен құқық қорғау органдарына өтініш жазу қажет. Өтініште болған оқиғаны нақты және жан-жақты сипаттаңыз. Өтініштің тіркелуге тиіс. Тіркеу нөмірі мен өтініштің қабылданған күні көрсетілген өтініштің көшірмесін жасап алыңыз.

Дербес кредиттік есеп алу үшін Мемлекеттік кредиттік бюроға және/немесе Бірінші кредиттік бюроға хабарласыңыз. Кредиттік есепті электрондық үкіметтің веб-сайтынан онлайн режимде алуға болады.

Сізге қай кредит ұйымында заңсыз кредиттің ресімделгенін білгеннен кейін озіндіктің шартқа қол қоймағаныңызды және жасамағаныңызды және ақпаны алмағаныңызды көрсете отырып, өтініш жазыңыз. Сондай-ақ, құқық қорғау органдарына өтініш берген сияқты тіркеу нөмірі мен өтініштің қабылданған күні көрсетілген өтініштің көшірмесін жасап

алыңыз.

Осы ұйымнан қандай құжаттардың негізінде кредит берілгенін сұраңыз, олардың көшірмелерін талап етіңіз: шарт, оған қосымшалар және растайтын құжаттардың көшірмелері, ақша қабылданған және аударылған шоттың деректемелері. Кредит ресімдеген кредиттік ұйымның қызметкері туралы деректерді анықтап алыңыз. Кредитордан қызметтік тергеуді жүргізуді және борышты талап етуді тоқтатуды талап етіңіз. Кредиттік ұйым құжаттарды ұсынған жағдайда Сіз Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне шағым бере аласыз.

Егер кредит кредитоматтарда ресімделген болса, оларда бейнекамералар орнатылған, оның жазбалары арқылы алушыны идентификацтауға болады.

Егер бұл онлайн-қарыз болса, онда полиция ІР бойынша қаскүнемдерді анықтай алады.

Кредиттік ұйым ақшаны сіздің жеке куәлігіңіз бойынша алаяқтар алғаны туралы айғақтар таба алмаса, тұрғылықты мекенжай бойынша мәмілені жарамсыз деп тану туралы сотқа талап арызбен жүгіну қажет.

Сот сіздің пайдаңызға шешім шығарған жағдайда, кредиттік ұйым:

- сізден борышты төлеуді талап етуде;
- берешекті есептен шығаруға;
- сіздің кредиттік тарихыңыздан бөтен адамның қарызы бойынша ақпаратты шығару туралы хатты жіберуге тиіс.

Кредит алудан ерікті түрде бас тартуды белгілеңіз. Жақында біз осы қызметті қалай орнату қажет екендігі туралы жаздық <https://www.fingramota.kz/kk/posty/kreditterden-erikti-bas-tartu-is-imyl-algoritmi>

2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап қарыз алушы кредит ресімдеуден ерікті түрде бас тарту болған жағдайда кредиттік ұйым берген кредитті өтеуден босатылатын болады.

Телефоныңызға екі кезеңдік верификацияны орнатып қойыңыз, ол сіздің күніяөзіңізді біреуге мәлім болған жағдайда да, сіздің есептік жазбаңызға деген қолжетімділікке өзіңіз ғана не болатындай қауіпсіздіктің қосымша деңгейін қамтамасыз етуге көмектеседі.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.



Дүйсенбі, 12 тамыз	Сейсенбі, 13 тамыз	Сәрсенбі, 14 тамыз	Бейсенбі, 15 тамыз	Жұма, 16 тамыз	Сенбі, 17 тамыз	Жексенбі, 18 тамыз
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.05 «ШЕБЕР». 06.30, 02.30 «НЖУ-МАРЖАН». 07.10 «АУЫЛДАСТАР». 07.45, 01.25 «АЛТЫН ҚАҚПА». 08.30 М/Ф. 09.00 TANSHOLPAN. 10.00, 17.00, 20.00, 23.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 «ТАТУ-ТӨТТІ». 15.30 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 16.20М/Ф «САҚШЫ АРЫСТАН». 17.10 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 20.30 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.40 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ». 00.20 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.15 «ШЕБЕР». 06.30, 10.00, 17.00, 20.00, 23.10 АҚПАРАТ. 07.00, 02.40 «АУЫЛДАСТАР». 07.30, 01.30 «АЛТЫН ҚАҚПА». 08.15, 16.20 М/Ф. 09.00 TANSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 «ТАТУ-ТӨТТІ». 15.30 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 17.10 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 20.30Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.45 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ». 00.25 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.15 «ШЕБЕР». 06.30, 10.00, 17.00, 20.00, 23.10 АҚПАРАТ. 07.00, 02.40 «АУЫЛДАСТАР». 07.30, 01.30 «АЛТЫН ҚАҚПА». 08.15, 16.20 М/Ф. 09.00 TANSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 «ТАТУ-ТӨТТІ». 15.30 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 17.10 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 20.30 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.45 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ». 00.25 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ШЕБЕР». 06.30, 10.00, 17.00, 20.00, 23.10 АҚПАРАТ. 07.00, 03.25 «АУЫЛДАСТАР». 07.30, 02.15 «АЛТЫН ҚАҚПА». 08.15, 16.20 М/Ф. 09.00 TANSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 «ТАТУ-ТӨТТІ». 15.30, 00.20 «БІРЕГЕЙ». 16.10 «ҒЫЛЫМ АДАМЫ». 17.10 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 20.30 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.40 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ». 01.10 САНА. 03.00 ЖӘДІГЕР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.05 «ШЕБЕР». 06.30, 10.00, 17.00, 20.00, 23.10 АҚПАРАТ. 07.00, 03.30 «АУЫЛДАСТАР». 07.30, 02.20 «АЛТЫН ҚАҚПА». 08.15, 16.20 М/Ф. 09.00 TANSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 «ТАТУ-ТӨТТІ». 15.30, 00.25 «БІРЕГЕЙ». 17.10 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 20.30 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.40 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ». 01.15 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.15 «ШЕБЕР». 06.30, 20.00, 00.45 АҚПАРАТ. 07.00, 02.40 «АУЫЛДАСТАР». 07.35, 03.15 ШАҢЫРАҚ. 08.10 М/Ф «САҚШЫ АРЫСТАН». 08.55 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ». 10.00, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.00, 01.15 «ТЕЛЕДӨРГЕР». 13.00 КОНЦЕРТ. 15.15 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА». 20.30 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.10 «16 ҚЫЗ», Х/Ф.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.50 «ШЕБЕР». 06.30 АҚПАРАТ. 07.00, 03.15 «АУЫЛДАСТАР». 07.35, 01.45 «ДӨҮІР ДАНАЛАРЫ», Д/Ф. 08.20 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 09.35, 02.30 «АҚСАУЫТ». 10.00, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.00 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 13.45 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 14.45 «ШЕКАРАШЫЛАР», Д/Ф. 15.15 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА». 20.00 «ОТАНДАСТАР». 20.50, 00.50 «АҚОРДА». 21.00 КОНЦЕРТ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 «ЕН СҮЛУ», Х/Ф. 01.00 «КҮМІС КОМЕЙ».

Дүйсенбі, 12 тамыз	Сейсенбі, 13 тамыз	Сәрсенбі, 14 тамыз	Бейсенбі, 15 тамыз	Жұма, 16 тамыз	Сенбі, 17 тамыз	Жексенбі, 18 тамыз
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 «МАҒАН НАЗАР АУДАР», Х/Ф. 06.30 «ИГРЫ ШПИОНОВ», Х/Ф. 08.00 COVER SHOW. 10.00 М/Ф. 10.30 М/Ф. 11.15, 20.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 14.00, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 15.00 Т/Х «ТОЙХАНА». 16.00, 23.30 Т/С «ОСТРОВ НЕНУЖНЫХ ЛЮДЕЙ». 19.00 НОВОСТИ. 19.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.40 ӘСЕМ ӨНДЕР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВ- ТЕР-4». 08.00 COVER SHOW. 10.00 ОЙТАЛҚЫ. 10.30 М/Ф. 11.15, 20.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 14.00, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 15.00 Т/Х «ТОЙХАНА». 16.00, 23.30 Т/С «ОСТРОВ НЕНУЖНЫХ ЛЮДЕЙ». 17.00 Т/С «НАЖИВКА ДЛЯ АНГЕЛА». 19.00 НОВОСТИ. 19.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.40 ӘСЕМ ӨНДЕР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВ- ТЕР-4». 08.00 COVER SHOW. 10.00 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ. 10.30 М/Ф. 11.15, 20.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 14.00, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 15.00 Т/Х «ТОЙХАНА». 17.00, 23.30 Т/С «НАЖИВКА ДЛЯ АНГЕЛА». 19.00 НОВОСТИ. 19.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.40 ӘСЕМ ӨНДЕР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВ- ТЕР-4». 08.00 COVER SHOW. 10.00 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ. 10.30 М/Ф. 11.15, 20.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 14.00, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 15.00 Т/Х «ТОЙХАНА». 17.00, 23.30 Т/С «НАЖИВКА ДЛЯ АНГЕЛА». 19.00 НОВОСТИ. 19.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.40 ӘСЕМ ӨНДЕР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВ- ТЕР-4». 08.00 COVER SHOW. 10.00 ОЙТАЛҚЫ. 10.30 М/Ф. 11.15, 20.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 14.00, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 15.00 Т/Х «ТОЙХАНА». 17.00 Т/С «НАЖИВКА ДЛЯ АНГЕЛА». 19.00 НОВОСТИ. 19.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.40 ӘСЕМ ӨНДЕР. 23.30 «ОХРАННИК», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МӨРТЕБЕЛІ ӨНЕР. 06.30 ЖЕТІ ҚАЗЫНА. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф. 11.20 М/Ф «МЕГАМАТО». 12.00 «ОХРАННИК», Х/Ф. 14.00, 21.00 «БАЛАШКА», Х/Ф. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.00 БЕС ЖҮЛДЫЗ. 23.00 «ВОЙНА НЕВЕСТЬ», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МӨРТЕБЕЛІ ӨНЕР. 06.30 ЖЕТІ ҚАЗЫНА. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф. 11.40 М/Ф «МЕГАМАТО». 12.00 «ВОЙНА НЕВЕСТЬ», Х/Ф. 14.00 АЛҒАШҚЫ. 14.45, 21.00 «Я ЛЮБЛЮ ТЕБЯ», Х/Ф. 16.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 23.00 «МАРЛИ И Я», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 12 тамыз	Сейсенбі, 13 тамыз	Сәрсенбі, 14 тамыз	Бейсенбі, 15 тамыз	Жұма, 16 тамыз	Сенбі, 17 тамыз	Жексенбі, 18 тамыз
ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ
06.00, 03.35 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 02.50 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ДЕРЕВЕНСКАЯ КОМЕДИЯ». 14.00, 01.30 НОВОСТИ. 14.15, 01.45 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.25, 01.55 ҚАЙМАҚ. 15.25 БЕЙКУНО. 16.25 Т/С «ФАРТОВЫЙ». 18.30, 02.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 KOREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «РОЗЫСК-3». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.35 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 02.50 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ДЕРЕВЕНСКАЯ КОМЕДИЯ». 14.00, 01.30 НОВОСТИ. 14.15, 01.45 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.25, 01.55 ҚАЙМАҚ. 15.25 БЕЙКУНО. 16.25 Т/С «ПОСЛЕДНЯЯ ЭЛЕКТРИЧКА». 18.30, 02.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 KOREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «РОЗЫСК-3». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.35 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 02.50 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ДЕРЕВЕНСКАЯ КОМЕДИЯ». 14.00, 01.30 НОВОСТИ. 14.15, 01.45 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.25, 01.55 ҚАЙМАҚ. 15.25 БЕЙКУНО. 16.25 Т/С «ПОСЛЕДНЯЯ ЭЛЕКТРИЧКА». 18.30, 02.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 KOREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «РОЗЫСК-3». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.35 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 02.50 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ДЕРЕВЕНСКАЯ КОМЕДИЯ». 14.00, 01.30 НОВОСТИ. 14.15, 01.45 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.25, 01.55 ҚАЙМАҚ. 15.25 БЕЙКУНО. 16.25 Т/С «ПОСЛЕДНЯЯ ЭЛЕКТРИЧКА». 18.30, 02.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 KOREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «РОЗЫСК-3». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 02.40 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ДЕРЕВЕНСКАЯ КОМЕДИЯ». 14.00, 02.10 НОВОСТИ. 14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.25, 19.00, 03.50 KOREMIZ. 15.25 БЕЙКУНО. 16.25 Т/С «ПОСЛЕДНЯЯ ЭЛЕКТРИЧКА». 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.00 Т/С «БИТВЫ БОЖЬИХ КОРОВОК».	06.00, 03.00 ТАМАША CITY. 08.00, 02.15 «П@УТИНА». 09.00 ПОЕХАЛИ! 10.00 «СЧАСТЛИВЫЙ БИЛЕТ», Х/Ф. 14.25 «О ЧЕМ ОНА МОЛЧИТ», Х/Ф. 18.40 «ПОЛНОЕ ПРЕВРАЩЕНИЕ», Х/Ф. 20.25 «КОГДА ВОЗВРАЩАЕТСЯ ПРОШЛОЕ», Х/Ф. 00.30 «КУПЕ НОМЕР 6», Х/Ф.	06.00, 03.20 ТАМАША CITY. 07.55, 02.35 «П@УТИНА». 08.50 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.00 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 10.00 «СЧАСТЛИВЫЙ БИЛЕТ», Х/Ф. 14.25 «ПОДЕЛИСЬ СЧАСТЬЕМ СВОИМ», Х/Ф. 19.00 «ОПАСНЫЙ СОБЛАЗН», Х/Ф. 21.00 «ПИСЬМО НАДЕЖДЫ», Х/Ф. 01.05 «ДВЕ ЗВЕЗДЫ. ОТЦЫ И ДЕТИ».

Егер ұрпаққа біліммен бірге тәрбиені қоса бермейтін болсақ, жеңілірек айтқанда, ол білім сауатсыздықтан неше есе қауіпті болып шығуы мүмкін.
Дүкен МӘСІМХАНҰЛЫ.



СБАЙҚАУ

«ЖАСТАР ОРТАСЫНДА МҮГЕДЕКТЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР КЕШЕНІ»

I. Жалпы ережелер

1. Бұл ереже мүгедектер мен мүгедектігі бар адамдарды қоғамдық ұйымдары арасында өнірлік конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібін реттейді.

1.1. Негізгі мақсат – мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғамға тиімді араласу тәжірибесін тарата отырып, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға жәрдемдесу.

II. Сайыстың мақсаты мен міндеттері

2. Жас дарындарды анықтау, мүмкіндігі шектеулі жандардың шығармашылық әлеуетін қолдау.

2.1. Шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыруға жағдай жасау, мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың шығармашылық қабілетін дамыту, ой-өрісін кеңейту, шығармашылық байланыстарды қалыптастыру.

2.3. Мүгедектердің әлеуеті туралы халықты ақпараттандыру және мүгедектік мәселелеріне қоғамның оң көзқарасын қалыптастыру.

III. Бөсекелестер

3. Байқауға шығармашылықпен айналысатын мүмкіндігі шектеулі тұлғалар конкурста көрсетілген бағыттар бойынша қатыса алады:

- орындаушылық өнер;

Ағымдағы жылдың 3 маусымынан бастап «АРДОС-Жүрек» мүгедектер бірлестігі ММ «Солтүстік Қазақстан облысы өкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасы» КММ мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында «Жастар ортасында мүгедектерді әлеуметтік қолдау жөніндегі шаралар кешені» жобасын іске асырады. Жоба аясында «Самға» байқауын өткізу жоспарлануда. Байқаудың негізгі мақсаты: мүмкіндігі шектеулі жандардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Өтініштер 26 шілде мен 6 қыркүйек аралығында қабылданады.

- вокал;
- хореография;
- театр шығармашылығы;
- сәндік-қолданбалы өнер;
- бейнелеу өнері

3.1. Жас санаттары:

- Балалар (7-15 жас);
- Жастар (16-29 жас);
- Ересектер (30 жас және жоғары).

IV. Конкурстың шарттары

4. Конкурста қатысу үшін үміткерлер қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді. Өтініш берушілердің қатысуға өтінімдері Ұйымдастырушыларға 2024 жылғы 26 шілдеден 6 қыркүйекке дейін беріледі.

4.1. Құжаттар электрондық поштаға, пошталық мекенжайға жіберіледі немесе номинациялар бойынша жауапты орындаушыларға әдейі ұсынылуы (Мағжан

Жұмабаев к-сі, 114 үй, 115 каб., e-mail center.inclusive@mail.ru, тел. 32-09-92, 8 700 667 32 91) мүмкін.

V. Конкурста қатысушыларды іріктеу критерийлері

5. Барлық номинациялар бойынша жалпы өлшемдер: жаңалық, сапа, шығармашылық даралығы, өзіндік ерекшелігі, заманауилығы, шеберлігі, номинация тақырыбына сәйкестігі, кәсібилігі, техникасы, идеяның ашылуы.

5.1. Байқауға қатысушыларды конкурстық комиссия бағалайды. Комиссия 5 адамнан тұрады.

5.2. Конкурс комиссиясының мүшелері мемлекеттік органдардың өкілдері, үкіметтік емес қоғамдық бірлестіктердің өкілдері және т.б.

VI. Байқауға қатысушыларды марапаттау



6. Конкурста қатысушыларды марапаттау рәсімі 2024 жылғы 19 қыркүйекте өтеді.
6.1. Конкурстың өтетін орны: Петропавл қаласы (келісім бойынша орны қосымша хабарланады).
Барлық сұрақтар бойынша 2-81-44, 2-81-48 телефон арқылы хабарласыңыз.

С ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ХАБАРЛАЙДЫ

ШАБЫНДЫҚ - ӨРТ ҚАУІПТІ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТҮРІ

Шөп бірінші кезекте - лезде жанып, тез таралатын өсімдік. Бұл өрт қауіпті кезеңінде жай ғана оттың ұшқыны өртке өкпе соқтырады, аз уақыттың ішінде өкпелтеуір мал азығын жоюы мүмкін, ал одан өрі бақыланбайтын орман алқаптарына апат таралып, ауыл ішіне жайылып, тұрғын үй және шаруашылық құрылыстарға қауіпін тудыра отырып жонды. Ауыл тұрғындарына, аудан басшылармен шаруашылық мамандарына тағы да еске салатын жай, бұл өрт көбінесе, комбайндар мен автомобильдердің, тракторлардың қозғалтқыш түтіктерінен жиі шығатын ұшқын.



Шөп шабу уақытында, көбінін өрт қауіпсіздік ережелері есінде бола ма? Өйткені, олар сақталмаған кезде қаншама шөп шабу еңбегі заяға кетеді.

Статистика бойынша, жағзы уақытта өрттер жер үй иелерінің кінасінен жиі болады, өйткені олар отты абайлап

қолданбайды, шөп сақтау кезінде өрт қауіпсіздік ережелерін бузады. Олар көбіне шөпті үйдің, моншаның немесе шаруашылық құрылыстың жанына жақын үйеді. Көбіне өрттің себебі, балалардың отпен ойнауынан болып, ата-аналары сол үшін жауапты

болады. Шөпті өртке қарсы отқа жанбайтын материалмен қоршалған қосымша сарайларда сақтауға рұқсат беріледі. Өрт қауіпсіздігінің жауапкершілігі тұрғын үйлер, гараж, шаруашылық қора-жайлары, қордаланған шөпке, мүлік иелері жауапты болып табылады. Шөп сақтау кезінде өрт қауіпсіздік ережелерін бузғаны үшін, олар өкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Шөп жинау кезінде өртті болдырмау үшін өрт қауіпсіздік ережесін сақтау керек. Шөпті жинар алдында тұлғалар өртке қарсы інструктажымен танысу керек: бастапқы өрт сөндіру өрт жабдықталған бірлік құралдарын тазалануы тиіс; шөпті дайындауда шаруашылық техникасы іске қосылу керек, жарамды ұшқын сөндіргішпен жабдықталуы, қоректендіру, оталдыру, майлау реттелген жүйесі болуы тиіс. Белгіленген тәртіппен тіркеуден өтпеген өз техниканыңды қолдануға тыйым салынады; дөнекерлеу жұмыстарын далалық жағдайда жүргізуге жол берілмейді.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шөп шабу уақытында шөппен айналысатын шаруашылық басшыларының, субъектілер және жеке тұлғаларға тікелей жауапкершілік жүктеледі.

ШОМЫЛУ МАУСЫМЫ: ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ҚАТАҢ ЕСКЕРТУ



Су объектілеріндегі адамдардың қауіпсіздігі мәселесі Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлерінің басты назарында.

Қайтылы оқиғалардың алдын алу және судағы қауіпсіз демалысты қамтамасыз ету үшін бөлім қызметкерлері су айдындарында қауіпсіздікті сақтау бойынша рейдтер өткізеді, аталған іс-шаралар суға шомылу маусымы аяқталғанға дейін жалғасатын болады.

Суда өзін-өзі ұстау ережелері бойынша ұсыныстар:

- тек рұқсат етілген жерлерде, жайлы жағажайларда шомылыңыз; батпақты және өсімдіктер өскен жерлерде шомылмаңыз;
- суға түсу ұзақтығы 15-20 минуттан аспауы керек, бұл уақыт 3-5 минуттан біртіндеп артуы керек. Олай болмаған жағдайда гипотермия және құрысу, тыныс алу тоқтауы, есінен айырылу болуы мүмкін;
- жағадан алысқа жүзбеніз;
- Судағы қарапайым ережелерді сақтау – Сіздің қауіпсіздігіңіздің кепілі.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

ЕГІН ЖИНАУ КЕЗІНДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Ауыл шаруашылығы дақылдарын жинаудың басталуымен өрт қауіпі артады!

Өрттің алдын алу үшін өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін сақтаңыз:

- масақ дақылдары пісіп жетілгенге дейін орман алқаптарына, дала белдеулеріне және автомобиль және теміржол жолдарына іргелес жерлерде кемінде 4 метр жолақпен шабылуы және жыртылуы тиіс;
- жинау агрегаттары мен автомобильдері жарамды ұшқын сөндіргіштермен жабдықталуы және реттелген қуат, тұтану және майлау жүйелері болуы тиіс;
- астық ағыны гимараттардан және құрылыстардан 50 метр алыс, ал астық алқаптарынан - 100 метр қашықтықта орналасуы керек;
- уақытша дала қосындарын

астық алқаптарынан, токтардан және тағы басқа гимараттардан 100 метр алыс орналастыру қажет;

- жинау кезінде астық алқаптарының аумағы 25 гектар тұрақты дайындықта болуы тиіс, трактор соқамен жыртыу үшін, егерде аумақта жану және өрт пайда болған жағдайда;

ҚҰРМЕТТІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАРЛАРЫН ӨНДІРУШІЛЕР!

Есіңізде болсын!!! Өрт қауіпсіздігі ережелерін мүлтіксіз сақтау өсірілген егінді өрттен сақтауға мүмкіндік береді!

Өрт ошағы анықталған жағдайда дереу «101» немесе «112» телефондары бойынша қоңырау шалыңыз.



<p>Директор - бас редактор Нелси ГОНЧАР</p> <p>Газеттің мәнік несі: «Газета «Вести» ЖНБС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр баһи көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басылым индексі 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Magjan Zhuldizy» газеті редакцияға теріні беттеледі. «Северный Казахстан» баспаханасында басылады. (Петропавл қ., Кошукон к-сі, 5 үй). Таралымы - 630</p>	<p>Газет аудан өкімшілігі, аудандық «Мәслихаттың» тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық сипаттағы жүргізуші ресми басылым болып табылады</p>
--	---	--	---	---

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г құлжылған алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға қолданған қожағбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің мәнігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады